

**Фитосанитариялық, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік, асыл тұқымды мал шаруашылығы, астық, мақта нарығы және тұқым шаруашылығы салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау Критерийлерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 31 наурыздағы N 219 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі N 25 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 2 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6270 болып енгізілді. 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылады

**Ескерту. Осы бұйрық 2011.01.01 дейін қолданылады (4-т.).**

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңының 38-бабы 2-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1 . М ы н а л а р :

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдік дәрежесін бағалау критерийлері;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы тәуекелдік дәрежесін бағалау критерийлері;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес астық, мақта нарығы және тұқым шаруашылығы салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері бекітілсін .

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (С.И. Сүлейменов) қ а м т а м а с ы з е т с і н :

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;
- 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өткен соң ресми жариялады ;
- 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы Е.И. Аманға жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және

алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасы  
Экономикалық даму және  
Сауда министрі

\_\_\_\_\_ А. Күрішбаев  
\_\_\_\_\_ Ж. Айтжанова

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2010 жылғы 31 наурыздағы № 219  
және Қазақстан Республикасы  
Экономикалық даму және  
сауда министрінің  
2010 жылғы 30 сәуірдегі № 25  
Бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## **Фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері**

1. Фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау Критерийлері (бұдан әрі - Критерийлер) «Өсімдіктерді қорғау», «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекцияларына (бұдан әрі - инспекциялар) фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы тәуекел - фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру кезінде оның салдарының ауырлығын ескере отырып, өсімдіктерге, адам және жануарлар денсаулығына, қоршаған ортаға залал келтіру ы қ т и м а л д ы ғ ы ;

2) фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы бақылау субъектілері – пестицидтерді (улы химикаттардың) өндіруді (формуляциялауды), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізуді, сақтауды және тасымалдауды, пестицидтерді фумигациялық және аэрозольдік тәсілдермен қолдануды, сондай-ақ пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеуді және өндірістік сынақтан өткізу, залалсыздандыруды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

3. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесі бойынша жатқызу алғашқы бөлу кезінде объективті критерийлер негізінде және кейіннен бөлу кезінде субъективті критерийлер негізінде жүзеге асырылады.

4. Алғашқы бөлу кезінде бақылау субъектілері 3 тәуекел дәрежесіне бөлінеді:

1) жоғарғы дәрежедегі тәуекел тобына:  
пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті ;

пестицидтерді (улы химикаттарды) фумигациялық және аэрозольдік тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері жатқызылады .

2) орташа дәрежедегі тәуекел тобына:  
пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеулік және өндірістік сынақтан өткізуді ;

пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізуді;  
пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды;  
пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері жатқызылады ;

3) аз дәрежедегі тәуекел тобына:  
тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың босаған ыдыстарды залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау субъектілері жатқызылады .

5. Объективті критерийлер бойынша жоғарғы және орта дәрежедегі тәуекелдерге басынан жатқызылған бақылау субъектілері төменгі тәуекел тобына ауыстырылуға жатпайды .

6. Бақылау субъектілерін әрі қарай бөлу бар кемшіліктерді ескере отырып, мынадай баллдар бере отырып жүзеге асырылады:

1) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеулік және өндірістік сынақтан өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:

Қазақстан Республикасында пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеулік, өндірістік сынақтау және мемлекеттік тіркеу жүргізу Ережелерінің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 26 желтоқсандағы № 432 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізіміне № 2127-нөмірімен тіркеуге алынған) талаптарын бұзу – 10 балл ;

пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеулік және өндірістік сынақтау жүргізу үшін пестицидтердің тәжірибелік үлгілерінің, эталондық пестицидтердің және пестицидтердің әсер етуші заттарының аналитикалық стандарттарының болмауы – 10 балл ;

зиянды организмдердің ерекшеліктерін ескере отырып пестицидтерді тіркеулік және өндірістік сынақтауды жүргізу аймағын таңдау кезіндегі бұзушылық – 10 балл ;

жүргізілетін пестицидтердің тіркеулік және өндірістік сынақтарының

әдістемелік ұстамдылығының бұзылуы – 10 балл;  
тіркеулік және өндірістік сынақты жүргізу кезінде пестицидтерді (улы химикаттары) қолданудың өтінім берілген регламенттерін сақтамау – 10 балл;  
өсімдік шаруашылығы өнімдерінде және қоршаған орта объектілерінде сынақталатын пестицидтердің қалдық санын анықтауды жүргізбеу – 5 балл;  
пестицидтерді тіркеулік және өндірістік сынақтау қорытындылары туралы орындаушы ұйымның есебінің болмауы – 5 балл;  
сынақталатын пестицидтердің өндірістік тексеру актілерінің болмауы – 5 балл ;

пестицидтерді тіркеулік және өндірістік сынақтан өткізу мерзімін бұзу – 2 балл ;

пестицидтерді тіркеулік және өндірістік сынақтан өткізу кезінде техникалық қауіпсіздікті бұзу – 2 балл ;

2) пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:

Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) тізіміне енгізілмеген және мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді көтерме және бөлшек саудада сату – 10 балл;

пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізуге лицензиясы жоқ басқа субъектілерді пестицидтерді өткізу процесіне – 10 балл;

пестицидтерді (улы химикаттарды) өндірушінің қоймасынан, немесе осы мақсаттарға арнайы арналған қоймалардан басқа жерден өткізу – 10 балл;

пестицидтерді сақтау қоймасының жеке меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе қойманы жалға алу келісім-шартының болмауы – 10 балл ;

пестицидтерді тұтынушыларға өндірушінің ыдысынан басқа ыдыста жіберу – 10 балл ;

пестицидтерді және олардың бос ыдыстарын залалсыздандыру туралы мәліметтерді қоса алғанда пестицидтерді қолданудың қауіпсіздік шаралары, туралы тиісті ақпараттардың болмауы – 5 балл;

ыдыстардың бүтіндігі бұзылған кезде пестицидтерді қайта орау және оларды жеткізушіге кері қайтару жөніндегі шараларды қабылдамау – 5 балл;

бақтар мен бақшаларға арналған өсімдіктерді қорғау құралдарын, сондай-ақ үй кеміргіштерімен күресу құралдарын мамандандырылмаған дүкендерде өткізуді жүзеге асыру – 2 балл ;

жеке шаруашылық жағдайында қолдану үшін арналған пестицидтерді оларды орау жөніндегі талаптарды бұза отырып өткізу – 2 балл;

3) пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:

пестицидтерді сақтау үшін арнайы қойма үй-жайларының немесе оларды жалға алу келісім-шарттарының болмауы – 10 балл;  
қойма үй-жайларының санитарлық паспортының болмауы – 10 балл;  
пестицидтерді сақтау қоймаларында күзет және өрт дабылы құралдарының болмауы – 10 балл;  
пестицидтерді сыныптарға және химиялық топтарға қарай бөлмей сақтау – 10 балл;  
физико-химиялық қасиетіне (ұшпалылығы, тотығуы), өрт қауіптігіне және жарылу қауіптігіне, реакциялық белсендігіне, сақтаудың температуралық режиміне байланысты өзара бірікпейтін пестицидтерді бірге сақтау – 10 балл;  
пестицидтерді тұғырықтарды және стеллаждарды қолданусыз сақтау – 5 балл;  
пестицидтерді азық-түлік өнімдерімен, мал азығымен, ауыз сумен бірге сақтау – 5 балл;  
пестицидтерді осы мақсаттарға арналмаған үй-жайларда сақтау – 5 балл;  
сақталатын пестицидтердің саны қойма үй-жайының сыйымдылығына сәйкес келмеуі – 5 балл;  
дезактивациялау құралдарының болмауы – 5 балл;  
пестицидтермен жұмыс істеу кезіндегі техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқама өткізбеу – 5 балл;  
міндетті медициналық тексеруден өтпеу – 2 балл;  
сақтауға келіп түсетін пестицидтерді есепке алу журналының болмауы – 2 балл;  
4) пестицидтерді (ұлы химикаттарды) тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін: өндірушінің герметикалық емес ыдыста пестицидтерді тасымалдауы – 10 балл;  
пестицидтерді тасымалдауға арналған көлік құралдарында арнайы жабдықталмаған және тиісті белгілерінің бар болмауы, қауіпті жүктерді тасымалдау ережесінің талаптарына сәйкес әртүрлі көлік түрлеріне қолданылатын, («Сақ бол – пестицидтер (ұлыхимикаттар)») тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік туралы ақпараттандыру жүйесінің апат карточкаларының жоқтығы – 10 балл;  
пестицидтерді бөлінген үлгідегі санитарлық паспорты жоқ көлік құралдарымен тасымалдау – 10 балл;  
пестицидтерді, дәріленген тұқымдарды және азық-түлік өнімдерін, мал азығын, ауыз суды бірге тасу үшін көлік құралдарын пайдалану – 10 балл;  
бұрын пестицидтерді тасымалдауға пайдаланған көлік құралдарын, әрі қарай азық-түлік өнімдерін, мал азығын, ауыз су тасымалдау үшін пайдалану – 10 балл;  
тамаққа жатпайтын жүктерді тасымалдау үшін пестицидтерді тасымалдауға

арналған көлік құралдарын алдын-ала тазалауды және зарарсыздандыруды жүргізу – 10 балл ;

пестицидтерді өздерінің бірікпейтін физико-химиялық қасиетіне (ұшпалылығы, тотығуы), өрт қауіптігіне және жарылу қауіптігіне байланысты бірге тасымалдау – 10 балл ;

пестицидтерді тасымалдау кезінде көлік құралдарында бөгде тұлғалардың болуы – 5 балл ;

дәріленген тұқымды тасымалдау кезінде «дәріленген» деген анық маркировкасы, мықты, ылғал өткізбейтін пестицидтерге арналған материалдан жасалған арнайы тығыз буып-түйілген, ыдыстың болмауы – 5 балл ;

тасымалданатын препараттардың ілеспе құжаттарында және ыдыстарындағы заттаңбасында көрсетілген талаптарға сәйкес пестицидтерді босату және тасымалдау аяқталған соң көлік құралдарын залалсыздандыру және ылғалды тазалаудың жүргізілмеуі – 2 балл ;

пестицидтерді тасымалдануға арналған көлік құралында бейтараптандыру құралдарының, өрт сөндіргіштер, құм қорының және жүргізушіде және бірге жүруші қызметкерде жеке қорғау құралдарының болмауы – 2 балл ;

субъектіде тасымалданатын пестицидтерді есепке алу журналының болмауы – 2 балл ;

5) пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың бос ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін: тыйым салынған, жарамсыз болған пестицидтерді және олардың бос ыдыстарын залалсыздандыруды жүргізу – 10 балл ;

тұтынушыға пестицидтерді жеткізушілер (өндірушілер, импортушылар, сатушылар) беретін жарамсыз пестицидтерді және олардың бос ыдыстарын залалсыздандыру әдістемелері мен технологияларының болмауы – 10 балл ;

тыйым салынған, жарамсыз болған пестицидтерді және олардың бос ыдыстарын залалсыздандыру кезіндегі қауіпсіздік талаптарының бұзылуы – 10 балл ;

экологиялық бақылау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы органдарының рұқсатынсыз тыйым салынған, жарамсыз болған пестицидтерді және олардың бос ыдыстарын өртеу жолымен залалсыздандыруды жүргізу – 10 балл ;

тыйым салынған, жарамсыз болған пестицидтерді сыныптарға және химиялық топтарға бөлмей сақтау және залалсыздандыру – 10 балл ;

тыйым салынған, жарамсыз болған пестицидтерді және олардың бос ыдыстарын тиеу, түсіру үшін механикалық құралдардың болмауы – 5 балл ;

ұйымның, залалсыздандырылғын пестицидтердің атауы, оның саны, орны және залалсыздандыру әдісі, жұмысты орындауға жауапты тұлғаның тегі

көрсетілетін, одан әрі пайдалануға жарамсыз пестицидтерді (қайта жарату, жою) залалсыздандыру актілерінің болмауы – 5 балл;

оларды зиянсыздандыруға дейін тыйым салынған, жарамсыз болған пестицидтерді және олардың бос ыдыстарын уақытша сақтау үшін қоймалардың болмауы – 5 балл;

қоймаларды (көмбелерді) орналастыру мен ұстаудың шарттарын сақтамау – 5 балл;

қоймалардың (көмбелердің) аумағында тыйым салынған, жарамсыз болған пестицидтерді, және олардың бос ыдыстарын сақтау шартын сақтамау – 5 балл;

қоймалардың (көмбелердің) аумағында пестицидтерді көму шарттарын сақтамау – 5 балл;

пестицидтерді залалсыздандыруға қатысатын қызметкерлердің жеке қорғау құралдарының болмауы – 5 балл;

пестицидтерді залалсыздандыруға қатысатын қызметкерлердің техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамадан өтпеуі – 2 балл;

пестицидтерді залалсыздандыруға қатысатын қызметкерлердің міндетті медициналық тексеруден өтпеуі – 2 балл;

субъектілердің тыйым салынған, жарамсыз пестицидтерді көмуге түгендеу жүргізілуі – 2 балл;

субъектіде көмуге келіп түсетін тыйым салынған, жарамсыз болған пестицидтерді және олардың бос ыдыстарын есепке алу кітабының болмауы – 2 балл;

7. Жүргізген тексерулер қорытындысы бойынша есептелген балдардың жиналған сомасына байланысты бақылау субъектілері тәуекел дәрежесі бойынша төмендегіше бөлінеді:

1) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеулік және өндірістік сынақтан өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін: жоғарғы тәуекел дәрежесіне – 20 және одан көбірек балл жинаған бақылау субъектілері жатады;

орта тәуекел дәрежесіне – 5-тен 19-ға дейін балл жинаған бақылау субъектілері жатады;

аз тәуекел дәрежесіне – 4-тен аспайтын балл жинаған бақылау субъектілері жатады;

2) пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:

жоғарғы тәуекел дәрежесіне – 15 және одан көбірек балл жинаған бақылау субъектілері жатады;

орта тәуекел дәрежесіне – 5-тен 14-ке дейін балл жинаған бақылау субъектілері жатады;

аз тәуекел дәрежесіне – 4-тен аспайтын балл жинаған бақылау субъектілері ж а т а д ы ;

3) пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:

жоғарғы тәуекел дәрежесіне – 35 және одан көбірек балл жинаған бақылау субъектілері ;

орта тәуекел дәрежесіне – 5-тен 34-ке дейін балл жинаған бақылау субъектілері ж а т а д ы ;

аз тәуекел дәрежесіне – 4-тен аспайтын балл жинаған бақылау субъектілері ж а т а д ы ;

4) пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:

жоғарғы тәуекел дәрежесіне – 22 және одан көбірек балл жинаған бақылау субъектілері ж а т а д ы ;

орта тәуекел дәрежесіне – 7-ден 21-ге дейін балл жинаған бақылау субъектілері ;

аз тәуекел дәрежесіне – 6-дан аспайтын балл жинаған бақылау субъектілері ж а т а д ы ;

5) пестицидтерді (улы химикаттарды), олардың бос ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:

жоғарғы тәуекел дәрежесіне – 44 және одан көбірек балл жинаған бақылау субъектілері ;

орта тәуекел дәрежесіне – 9-дан 43-ке дейін балл жинаған бақылау субъектілері ж а т а д ы ;

аз тәуекел дәрежесіне – 8-ден аспайтын балл жинаған бақылау субъектілері ж а т а д ы ;

8. Бір деңгейдегі тәуекел субъектілеріне тексерулер жүргізуді жоспарлаудың басымдылығын анықтау үшін:

1) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:

1-ші және 2-ші сыныпты қауіптілікті пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруші субъектілер ;

үлкен өндірістік қуаттылықты орналастыруға мүмкіндігі бар субъектілер; аса қауіпті және зиянды карантиндік организмдерге қарсы қолдану үшін пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіретін (формуляциялайтын) субъектілер; өткен тексеру барысында олардың бұзушылықтары анықталған субъектілер;

2) пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:

1-ші және 2-ші класты қауіптілікті пестицидтерді (улы химикаттарды)



қ о л д а н у ш ы с у б ь е к т і л е р ;  
аса қауіпті және зиянды карантиндік организмдерге қарсы пестицидтерді (улы химикаттарды) қолданатын субъектілер;  
өткен тексеру барысында олардың бұзушылықтары анықталған субъектілер;  
3) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеулік және өндірістік сынақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:  
1-ші және 2-ші сыныпты қауіптілікті пестицидтерді тіркеулік және өндірістік сынақтан өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер;  
аса қауіпті және карантиндік зиянды организмдерге қарсы қолданатын пестицидтерді сынақтан өткізуді жүзеге асыратын субъектілер;  
пестицидтерді тіркеулік және өндірістік сынақтан өткізу жөніндегі қызметті көп көлемде жүзеге асыратын субъектілер;  
олардың бұрын пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеулік және өндірістік сынақтан өткізу әдістемесін бұзғаны анықталған субъектілер;  
өткен тексеру барысында олардың бұзушылықтары анықталған субъектілер;  
4) пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:  
1-ші және 2-ші сыныпты қауіптілікті пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды жүзеге асыратын субъектілер;  
пестицидтердің (улы химикаттардың) көп көлемін сақтауды жүзеге асыратын субъектілер ;  
бұрын пестицидтерді сақтауға арналған арнайы қойма үй-жайларына санитарлық паспортты ұсынбаған субъектілер;  
аса қауіпті және зиянды карантиндік организмдерге қарсы пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды жүзеге асыратын субъектілер;  
өткен тексеру барысында олардың бұзушылықтары анықталған субъектілер;  
5) пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:  
1-ші және 2-ші сыныпты қауіптілікті пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдауды жүзеге асыратын субъектілер;  
пестицидтердің (улы химикаттардың) көп көлемін тасымалдауды жүзеге асыратын субъектілер ;  
аса қауіпті және зиянды карантиндік организмдерге қарсы пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдауды жүзеге асыратын субъектілер;  
бұрын осы қызмет түріне лицензиясыз пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асырған субъектілер;  
өткен тексеру барысында олардың бұзушылықтары анықталған субъектілер;  
б) пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін:

1-ші және 2-ші сыныпты қауіптілікті пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер; пестицидтердің (улы химикаттардың) көп көлемін өткізуді жүзеге асыратын субъектілер;

бұрын осы қызмет түріне лицензиясыз пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырған субъектілер; өткен тексеру барысында олардың бұзушылықтары анықталған субъектілер;

7) тыйым салынған және жарамсыз болған пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыруды жүзеге асыратын субъектілер үшін: пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың бос ыдыстарын көму үшін үлкен сыйымдылықтары бар субъектілер;

бұрын осы қызмет түріне лицензиясыз пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың бос ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асырған субъектілер;

олардың бақылау объектілері елді мекендерге жақын орналасқан субъектілер; өткен тексеру барысында осы қызмет түрлерін жүзеге асыру барысында олардың бұзушылықтары анықталған субъектілер негіз болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрінің  
2010 жылғы 31 наурыздағы № 219

және Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және

сауда министрінің

2010 жылғы 30 сәуірдегі № 25

Бірлескен бұйрығына

2-қосымша

## **Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері**

1. Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік саласында тәуекел дәрежесін бағалаудың осы Критерийлері (әрі қарай – Критерийлер), ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік саласындағы қауіп дәрежесін нақты анықтау мақсатында, Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» және « Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Критерийлерде келесі ұғымдар қолданылады:

1) Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік саласындағы қауіп – тамақ өнімдері мен жануар текті шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, азық пен азықтық қоспаларды өндіруде, сақтауда, тасымалдауда және өткізуде

малдардың індетінің пайда болуы мен таралуы;

2) бақылау субъектілері – малдарды өсіру, дайындау (сою), сақтау, пайдалану, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарда, малдардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жем-шөп және жем-шөп қоспаларын өндіретін жеке және заңды тұлғалар.

3. Нысанды критерийлер арқылы бақылау жүйесін бағалау объективті критерийлер негізінде атқарылады – субъективті критерийлерді және бірінші рет бөліп тарату – келесі бөліп таратқанда анықталады.

Бірінші ретке бөліп таратқанда барлық бақылаудағы субъектілер ветеринариялық–санитариялық дәрежесіне сай, үш қауіп санатына бөлінеді:

1) жоғары дәрежедегі тәуекелге: сүт және сүт өнімдерін өндіру жөніндегі нысандар, жеке аулалардан басқа; ет пен ет өнімдерін өңдейтін және жануарларды соятын нысандар; малдан алынатын шикізаттарды және азықтарды сақтаумен және өткізумен айналысатын, қоймалар, тоңазытқыштар, тоңазыту комбинаттар; мал және құс өткізу базарларын қоса алғанда, малдарды ұстаумен, өсірумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар;

ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндірумен және өткізумен айналысатын кәсіпкерлік субъектілер; құс фабрикалары; балық аулайтын және өңдейтін кәсіпорындар жатады.

2) орташа дәрежедегі тәуекелге: лицензия негізінде жұмыс атқаратын ветеринариялық–санитариялық сараптама зертханалары; ветеринариялық емдеу – алдын алу қызметімен айналысатын жеке және заңды тұлғалар; ветеринариялық препараттарды өткізумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар;

жем-шөпті және жем-шөптік қоспаларды дайындаумен, сақтаумен және өткізумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар; ғылыми мақсатта малдарды ұстаумен және өсірумен айналысатын ғылыми ұйымдар жатады.

3) аз дәрежедегі тәуекелге: зообақтар, цирктер, зоодүкендер; бал араларын ұстаумен, өсірумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар; ХАССП (Қауіпті талдау және сындарды бақылау нүктелері) НАССР (Hazard Analysis Critical Control Point) жүйесіне енгізілген бірінші топтағы өндіріс объектілері жатады.

4. Келесі кезеңде бағалау қорытындысы бойынша жинақталған баллға

байланысты қадағалау нысандары ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерінің қосымшасындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлеріне сәйкес бөлінеді:

жоғарғы дәрежелі тәуекелге – 45 балл және одан жоғары;  
 орташа дәрежелі тәуекелге – 30 дан 45 дейін баллға дейін;  
 аз дәрежелі тәуекелге – 30 баллдан төмен.

5. Бір деңгейлі қауіпті субъектілерді бірінші кезекте тексеруді жоспарлауда  
**б о л а т ы н** **н е г і з д е м е :**

1) тәулігіне үш тоннадан артық өнім шығаратын кәсіпорын;  
 2) өткен тексерулердің қорытындысы бойынша бұзушылықтар анықталған  
**н ы с а н д а р :**

инспекциялау және эпизоотиялық мониторинг қорытындысы бойынша;  
 ветеринариялық нормативтерге сәйкес келмейтін,  
 ветеринариялық–санитариялық сараптау немесе зертханалық зерттеу  
**қ о р ы т ы н д ы с ы** **б о й ы н ш а ;**

3) өзіндік зертханалық бақылаудың жұмыс істемеуі немесе болмауы;  
 4) өткен тексерулер барысында анықталған бұзушылықтарды жою  
 қорытындылары (нұсқаманың орындалуы) бойынша;  
 5) соңғы тексеру жүргізілген күн.

**В е т е р и н а р и я л ы қ - с а н и т а р и я л ы қ**  
**қ а у і п с і з д і к** **с а л а с ы н д а ғ ы**  
**т ә у е к е л** **д ә р е ж е с і н** **б а ғ а л а у**  
**к р и т е р и й л е р і н е қ о с ы м ш а**

### **Сүт және сүт өнімдерін өндіру кезіндегі тәуекелді бағалау критерийлері**

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Сүтті өндеуге қабылдау кезінде қауіпсіздігін куәландыратын құжаттың болуы (ветеринариялық қорытынды, ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама).	5
2	Сатуға арналған сүт және сүт өнімдерінде ветеринариялық-санитариялық нормалар мен ережелерде белгіленген уытты элементтердің, микотоксиндердің, антибиотиктердің, пестицидтердің, радионуклидтердің, сондай-ақ тотығын бүйіну көрсеткіштерінің құрамының рұқсат етілген деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10
3	Сатуға арналған сүт және сүт өнімдерінде ветеринариялық-санитариялық нормалар мен ережелерде белгіленген микроорганизмдер құрамының рұқсат етілген деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10
4	Сүтті (шикі) қабылдау және алғашқы рет өндеу учаскесінде ветеринариялық-санитариялық нормалар мен дезорежимді сақтауға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10

5	Сүтті алғашқы өңдеу жүргізетін ғимараты мен оған іргелес тұрғын аумақ объектісіне қойылатын ветеринариялық-санитарлық талаптарға сәйкестігі.	5
6	Сүтті өңдеуге дейін сақтауға қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестігі (температуралық режим).	5

### **Малды сою, ет және ет өнімдерін қайта өңдеу кезіндегі тәуекелді бағалау критерийлері**

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Нарықтағы ет пен ет өнімдерінің айналыс шарттарына сәйкестігі.	5
2	Етті дайындау және ет өнімдерін өндіру кезіндегі қауіпті факторлардың болмауы (тәуекел).	5
3	Объектінің орнын және аумағын таңдауға қойылатын қауіпсіздік талаптарға сәйкестігі.	5
4	Ет және ет өнімдерін өндіретін (жасайтын) және қайта өңдейтін объектілердің өндірістік аумақтарына қойылатын қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі.	5
5	Малдар мен құстарды союға дайындау кезіндегі қауіпсіздік талаптарға сәйкестігі.	10
6	Тоңазытқыш камераларға және мұздатқыштарға қойылатын қауіпсіздік талаптарға сәйкестігі (шикізатты және қосымша өнімдерді, шартты жарамды етті сақтауға арналған температуралық режим).	5
7	Конфискаттардың жиналуына және оларды жоюға қойылатын қауіпсіздік талаптарға сәйкестігі.	5
8	Өндірістік қайта өңдеуге отандық және импорттық өндірістің шикізатын қабылдауға қойылатын талаптарға сәйкестігі (ветеринариялық құжаттардың бары).	

### **Малдардан алынатын шикі зат пен ет өнімдерін сату, сақтау және қабылдау кезіндегі тәуекелді бағалау критерийлері (қоймалар, тоңазытқыштар, тоңазытқыш комбинаттары)**

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Объекті бірдейлендірудің болуы.	5
2	Мал өнімдері мен шикізаттарына ветеринариялық-санитариялық сараптауды өткізу тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10
3	Малдардан алынатын өнімдер мен шикізатын сақтау үшін қойма, үй-жайларына қойылатын талаптарға сәйкестігі (температура, ылғалдылық).	5
4	Малдардан алынатын өнімдерді сақтайтын тоңазытқыш қондырғыларына қойылатын талаптарға сәйкестігі (температуралық режим).	10
5	Малдардан алынатын өнімдер мен шикізатын сақтауда қойылатын ветеринариялық-санитарлық талаптарға сәйкестігі.	5

6	Шикізатты (жануарлардың терісі) сібір жарасына лабораториялық зерттеуді өткізу тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10
---	---	----

## Жеке және заңды тұлғалардың малдарды пайдалануда, өсіру және ұстау кезіндегі тәуекелді бағалау критерийлері

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Ветеринариялық инспекторлардың талабы бойынша алдын алу үшін тексеру, диагностикалық зерттеу, алдын ала егу үшін малдарды ұсыну.	3
2	Мемлекеттік ветеринариялық бақылау органдарына жаңадан сатып алынған малдар, туған төлдер, олардың сойылғаны мен сатылғаны туралы хабарлау.	3
3	Мал тұратын қораларда және аулаларда тұрақты механикалық тазарту жүргізу, көнді залалсыздандыруға үю жұмыстарын тұрақты жүргізу.	2
4	Барлық малдарды паспорттау, бірдейлендіруді қамтамасыз ету.	2
5	Табынды, отарды, топты жұқпалы аурулардан таза аумақтан әкелінген малдармен толықтыру.	2
6	Жаңадан әкелінген малдарды диагностикалық зерттеулер және ветеринариялық емдеу жүргізу мақсатында 30 күн бойы оқшаулап ұстау.	2
7	Мал азығын малдың жұқпалы ауруларынан таза аумақтардан дайындау.	2
8	Асхана және қасапхана қалдықтарын термикалық әдіспен зарарсыздандыру.	3
9	Қолайлы және қолайсыз аумақ малдары арасындағы қатынасты болдырмау.	2
10	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы малдарын союды ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы 2009 жылғы 4 қарашадағы № 1754 қаулысына сәйкес, малдарды союды ұйымдастыру.	5
11	Малдарды орналастыруда, азықтандыруда және пайдалануда ветеринариялық-санитариялық ережелерді орындауын талаптарына сәйкестігі.	2
12	Мал жайылымдарын және суаттарын қалыпты ветеринариялық-санитариялық жағдайда ұстау.	2
13	Көнді және өлексені уақытында залалсыздандыруды қамтамасыз ету.	2
14	Мал үй-жайларында тұрақты алдын ала дезинфекция (микроорганизмдерді жою), дератизация (тышқандарды жою), дезинсекция (зиянды бунақ денелерді жою), дезакаризация (кенелерді жою) жүргізу.	2
15	Мал фермаларын дезинфекциялық тежегіштермен қамтамасыз ету.	1
16	Мал шаруашылығы объектілерінің аумақтарын коршаумен қамтамасыз ету.	2
17	Бірнеше малдар кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы ветеринария мамандарына хабарлау және ветеринария мамандары келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген малдарды оқшаулап ұстауды қамтамасыз ету.	2

18	Ветеринария маманының рұқсатынсыз ауру деп анықталған малдың орнын ауыстыруға тыйым салынады.	1
19	Союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей малдарды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеу.	2
20	Эпизоотия ошағының аумағына бөтен адамдарға немесе көліктерді енгізуге тыйым салынады.	3

## **Ветеринариялық препараттарды сату және өндіру кезіндегі тәуекелді бағалау критерийлері**

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Ветеринарияда қолданылатын дәрілік заттар мен биологиялық препараттарды өндірген кезде өндіріс үй-жайлары мен жабдықтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
2	Ветеринарияда қолданылатын дәрілік заттар мен биологиялық препараттарды өндіруде (дайындауда) пайдаланатын шикізаттың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
3	Ветеринарияда қолданылатын дәрілік заттар мен биологиялық препараттарды өндіру (дайындау) қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
4	Ветеринариялық дәріханаларда дәрілік заттарды өндіру қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
5	Ветеринариялық дәріханаларда дәрілік заттар мен биологиялық препараттарды орау, таңбалау және өлшеп орау қауіпсіздігіне қойылатын талаптар.	2
6	Ветеринариялық дәріханаларда дәрілік заттар мен биологиялық препараттарды сақтау және тасымалдау қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
7	Ветеринариялық дәріханаларда дәрілік заттар мен биологиялық препараттар айналымының қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі	4
8	Ветеринарияда дәрілік заттар мен биологиялық препараттарды пайдаланған кезде пайда болатын тәуекелдің алдын алу.	
9	Малдарға дәрілік заттар мен биологиялық препараттарды қолдану қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
10	Дәрілік заттар мен биологиялық препараттарды жою қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
11	Сәйкестігін анықтау.	5

## **Балық және балық өнімдерін өңдеу, аулау кезіндегі тәуекелді бағалау критерийлері**

--	--	--

Критерийлердің

№ Критерийлердің атаулары



		талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Технологиялық процесстерде қолданылатын шикізаттарға, жартылай фабрикаттарға, қосымша құралдарға және дайын өнімдерге ветеринариялық-санитариялық бақылау жүргізуіне, сондай-ақ құрал-жабдықтарға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
2	«Таза» және «кір» аумақтарды жасауды ескере отырып кәсіпорынның жайғастыруына және жоспарлауына қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
3	Шикізаттың, жартылай фабрикаттардың, қалдықтардың жүк ағыны дайын өнімнің ағынының қозғалысымен қиылысуын және тасымалдау кезінде өнім мен шикізатқа шаңның, кірдің және атмосфералық жауын-шашынның түсуін болдырмауды еске ала отырып, өндірістік үй-жайларды орналастыруына қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
4	Тамақ және ветеринариялық препараттар өндіретін өндірістік үй-жайларға қойылатын талаптар.	1
5	Дайын балық өнімдерін, шикізатты және жартылай фабрикаттарды сақтауға қойылатын талаптарға сәйкестігі. Тоңазтқыштарға немесе дайын өнімдерді сақтайтын қоймаларға қойылатын талаптарды сақтау.	1
6	Өндірістік, қойма, тұрмыстық үй жайларға кірген кезде дезинфекциялық төсегіштердің болуы.	2
7	Сынама алу үшін темір қасықтардың түтіктер мен сүңгілердің болуы.	1
8	Балық консервілерін жасайтын кәсіпорындарда және кемелерде технологиялық жабдықты, құралдар мен ыдыстарды жуу, дезинфекциялау сапасын микробиологиялық бақылауға қойылатын талаптардың орындалуы.	1
9	Ұйықты (балықты аулардан түсіруге арналған жағалау орны) ұйымдастыру орнына қойылатын талаптар.	1
10	Балық сүйек ұнын сақтауға, қалдықтарды сақтауға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
11	Тамаққа жарамсыз деп танылған өнімдерді сақтауға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
12	Бүлінудің және көгерудің айқын көрсеткіштері, сондай-ақ бөтен, оған тән емес иістері және стандарттар мен осы өнімді өткізуге қойылатын талаптардан басқа да ауытқулары бар лас түрінде түскен өнімдерді сақтауға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
13	Консервілерді өндіру кезінде микробиологиялық бақылауға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
14	Консерві өндірісінде қолданылатын шикізатқа қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
15	Тамаққа қолданылатын тартылған балық етіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
16	Балықтың тартылған етін дайындауға кететін балыққа қойылатын талаптарға сәйкестігі.	4
17	Аспаздық өндірісте қолданылатын балықтың тартылған етіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
18	Тартылған етті қоспалармен араластыруға және тартылған еттің температурасына қойылатын талаптарға сәйкестігі.	1

19	Тартылған етті тұрақтандыратын заттардың қоспасына қойылатын талаптарға сәйкестігі.	1
20	Уылдырық өндірісінде қолданылатын шикізатқа қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
21	Балық өнімдерінің органолептикалық бақылауына қойылатын талаптарға сәйкестігі. Органолептикалық талаптарға сай емес өнімдерді алу және жою шараларын өткізу.	2
22	Химиялық және микробиологиялық бақылауға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
23	Паразиттерді табу бойынша тексеруге қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
24	Паразиттер болған кезде балық өніміне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2
25	Кеміргіштер мен жәндіктердің пайда болуының алдын алу жөніндегі іс-шараларға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	2

### **Лицензия негізінде жұмыс істейтін, малдардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитарлық сараптау зертханаларын тәуекелді бағалау критерийлері**

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Қызмет көрсету түріне лицензияның болуы.	5
2	Малдардан алынатын өнімдер мен шикізаттарына ветеринариялық-санитариялық сараптау жүргізу тәртібіне қойылатын талаптар.	10
3	Малдардан алынатын өнімдер мен шикізаттарына ветеринариялық-санитариялық сараптау жүргізуге қажетті технологиялық жабдықтардың, өндіріс үй-жайлары ветеринариялық нормативіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
4	Ветеринариялық есеп беруге және ветеринариялық есепке қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
5	Ветеринариялық-санитариялық сараптау жүргізу үшін стандартты тесттерді орындауға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10
6	Ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханалары жүргізетін міндетті және қосымша зерттеулерді жасалуға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10

### **Лицензия негізінде жұмыс істейтін, алдын алу және емдеумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларды тәуекелді бағалау критерийлері**

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Қызмет көрсету түріне лицензияның болуы.	5
	Жеке және заңды тұлғаларға ветеринариялық емдеу алдын-алу және қызметі бойынша, технологиялық жабдықтар жиынтығы мен өндіріс	

2	үй-жайларына ветеринариялық нормативтеріне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
3	Малдарға дәрілік заттарды және биологиялық препараттары қолдану қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10
4	Ветеринариялық есеп беруге және ветеринариялық есепке қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
5	Ветеринария саласында қолданылатын биологиялық препараттарды, дәрілік заттарды сақтау, тасымалдау қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10
6	Технологиялық жабдықтар жиынтығына және операциялық блокқа қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10

### **Ветеринариялық препараттарды сатумен айналысатын жеке және заңды тұлғалардың тәуекелді бағалау критерийлері**

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Қызмет көрсету түріне лицензияның болуы.	5
2	Сатуға арналған ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының сатып алынғанын растайтын құжаттардың болуы.	10
3	Ветеринариялық дәріханаларда сатылатын ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспалардың мемлекеттік Тізілімде тіркелуінің бар болуы.	5
4	Дайын ветеринариялық препараттарды сақтау үшін қойма, үй-жайларына қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
5	Үй-жайларға, атап айтқанда температура мен ылғалдылық нормативіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
6	Төмен температура режимінде сақталатын препараттарды сақтайтын тоңазытқыштарға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
7	Шет мемлекеттерінде ветеринариялық препараттың тіркелуін (қайта тіркелуін), қолданылуын немесе басқа елдердің ресми мемлекеттік Фармакопоеясына енгізілуін растайтын құжаттардың болуы.	5
8	Сатылуға рұқсат берілген, мемлекеттік тізілімде тіркелген препараттарды сату.	5

### **Жем-шөп және жем-шөптік қоспаларын сатумен, сақтаумен және дайындаумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларды тәуекелді бағалау критерийлері**

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Қазақстан Республикасы аумағында жем-шөп және жем-шөп қоспалардың айналымы кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10

2	Жем-шөп және жем-шөп қоспаларын өндіруге (дайындауға) қолданылатын шикізат қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10
3	Жем-шөп және жем-шөп қоспаларын өндіру (дайындау) кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
4	Жем-шөп және жем-шөп қоспаларын жою кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
5	Жем-шөп және жем-шөп қоспаларын өндіретін (дайындайтын) объектілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
6	Жем-шөп және жем-шөп қоспаларын сақтау, тасымалдау, таңбалау және орау кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
7	Сәйкестікті растау рәсімдеріне қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5

**Ғылыми мақсатта пайдалану үшін малдарды ұстаумен және өсірумен айналысатын ветеринария саласына бағытталған ғылыми мекемелерге тәуекелді бағалау критерийлері**

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Ветеринариялық инспекторлардың талабы бойынша алдын алу үшін тексеру, диагностикалық зерттеу, алдын ала егу үшін малдарды ұсыну.	3
2	Мемлекеттік ветеринариялық бақылау органдарына жаңадан сатып алынған малдар, туған төлдер, олардың сойылғаны мен сатылғаны туралы хабарлау.	3
3	Мал тұратын қораларда және аулаларда тұрақты механикалық тазарту жүргізу, көнді залалсыздандыруға ұю жұмыстарын тұрақты жүргізу.	2
4	Барлық малдарды паспорттау, бірдейлендіруді қамтамасыз ету.	2
5	Табынды, отарды, топты жұқпалы аурулардан таза аумақтан әкелінген малдармен толықтыру.	2
6	Жаңадан әкелінген малдарды диагностикалық зерттеулер және ветеринариялық емдеу жүргізу мақсатында 30 күн бойы оқшаулап ұстау.	2
7	Мал азығын малдың жұқпалы ауруларынан таза аумақтардан дайындау.	2
8	Асхана және қасапхана қалдықтарын термикалық әдіспен зарарсыздандыру.	3
9	Қолайлы және қолайсыз аумақ малдары арасындағы қатынасты болдырмау.	2
10	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы малдарын союды ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы 2009 жылғы 4 қарашадағы № 1754 қаулысына сәйкес, малдарды союды ұйымдастыру.	5
11	Малдарды орналастыруда, азықтандыруда және пайдалануда ветеринариялық-санитариялық ережелерді орындауын талаптарына сәйкестігі.	2
12	Мал жайылымдарын және суаттарын қалыпты ветеринариялық-санитариялық жағдайда ұстау.	2
13	Көнді және өлексені уақытында залалсыздандыруды қамтамасыз ету.	2

14	Мал үй-жайларында тұрақты алдын ала дезинфекция (микроорганизмдерді жою), дератизация (тышқандарды жою), дезинсекция (зиянды бунақ денелерді жою), дезакаризация (кенелерді жою) жүргізу.	2
15	Мал фермаларын дезинфекциялық тежегіштермен қамтамасыз ету.	1
16	Мал шаруашылығы объектілерінің аумақтарын қоршаумен қамтамасыз ету.	2
17	Бірнеше малдар кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы ветеринария мамандарына хабарлау және ветеринария мамандары келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген малдарды оқшаулап ұстауды қамтамасыз ету.	2
18	Ветеринария маманының рұқсатынсыз ауру деп анықталған малдың орнын ауыстыруға тыйым салу.	1
19	Союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей малдарды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеу.	2
20	Эпизоотия ошағының аумағына бөтен адамдарға немесе көліктерді енгізуге тыйым салынады.	3

## Зоодүкендерге, зообақтарға және цирктерге арналған тәуекелді бағалау критерийлері

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген малдардың ауруын алдын алуын және мемлекеттік ветеринариялық қадағалау жүктердің қауіпсіздігін жүзеге асыратын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерді сақтай отырып, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды орындау.	2
2	Ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіруді және оларға ветеринариялық паспорттарды рәсімдеуін қамтамасыз ету.	2
3	Зообақтардағы, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдағы жануарларды қоса ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен нормативтерге сәйкес малдар ұстауды, өсіруді және пайдалануды жүзеге асыру бойынша қойылатын талаптарды сақтау.	2
4	Ветеринариялық ережелер мен нормативтеріне сәйкес жемшөпті өнім мен сақтау және қайта өңдеуге арналған аумақтарды, мал шаруашылығы үй-жайларды, сондай-ақ қораларды ұстауына, қоршаған ортаны ластауды болдырмауына қойылатын талаптарды сақтау.	2
5	Малдарды ұстау және өсіру кезінде зоогигиеникалық және ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтау жөніндегі шараларды орындауға қойылатын талаптарды сақтау.	2
6	Мемлекеттік ветеринариялық бақылау органдарына жаңадан сатып алынған малдар, туған төлдер, олардың сойылғаны мен сатылғаны туралы уақытында хабарлау.	5
7	Вакцина егу мен диагностикалық зерттеулерді жүзеге асыру үшін малдарды ветеринариялық мамандарға ұсыну.	5
	Бірнеше малдар кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы ветеринариялық	

8	мамандарға дер кезінде хабарлау және ветеринариялық мамандар келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген малдарды оқшаулап ұстау.	5
9	Ветеринариялық-санитариялық инспекторларға мемлекеттік ветеринариялық бақылауға жататын жүктерді ветеринариялық байқау үшін кедергісіз беру.	2
10	Мал немесе адам денсаулығына қауіп төндіретін мемлекеттік ветеринариялық бақылаудағы жүктерді залалсыздандыру (зарарсыздандыру), қайта өңдеу үшін ветеринариялық инспектордың талаптарын орындау.	5
11	Союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей малдарды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеу.	5
12	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы малдарын союды ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы 2009 жылғы 4 қарашадағы № 1754 қаулысына сәйкес, малдарды союды ұйымдастыру.	5
13	Ветеринариялық мамандарға өздерінің қызметтік орындауына көмек көрсету.	3

### Бал ара ұстап өсірумен айналысушы жеке және заңды тұлғалардың тәуекелді бағалау дәрежесінің критерийлері

№	Критерийлердің атаулары	Критерийлердің талаптарына сәйкессіздігі балл жүйесімен бағаланады
1	Омартаға ветеринариялық паспорттың болуы.	5
2	Ара үйшіктерінің орналастыру ара қашықтықтары, боялғандығы, нөмірінің, ұшу алаңдарының болуын сақтау.	5
3	Омартаның аумағының және қосалқы, омарталардың, көзгенек қабырғаларының, оттықтардың, жылыту жастықтардың ветеринариялық-санитариялық жағдайы.	5
4	Дезинфекциялық техниканың, дезинфекциялық құралдарының, санитарлық-гигиеналық мақсаттағы объектілердің болуы (атап айтқанда омарташыларға қолжуғыш, сабын, арнайы киімдер, дәретханалар).	5
5	Бал аралар жанұяларының қуаттылығы, аналықтар мен төлдердің жағдайы.	5
6	Ағымдағы немесе былтырғы жылдары омарталарға бал ара аналығы алынғанын растайтын құжаттардың болуы.	5
7	Тексеру сәтте омартадағы эпизоотиялық жағдайға қойылатын талаптарға сәйкестігі.	5
8	Жүргізілген зертханалық зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкестігі.	10

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң

2 0 1 0 ж ы л ғ ы 3 1 н а у р ы з д а ғ ы № 2 1 9

ж әне Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Э к о н о м и к а л ы қ д а м у ж әне

## **Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері.**

1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы тәуекелді бағалау критерийлері (бұдан әрі - Критерийлер) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін «Жеке кәсіпкерлік туралы» және «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Осы өлшемдерде келесі ұғымдар қолданылады:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы тәуекел - асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің қызметі нәтижесінде мал тұқымына немесе бағалы тұқымның жоғалуына келетін зиян қорға келетін зиянның ықтималдығы, мұнда оның салдарының ауыртпалдығы есепке алынады.

2) бақылау субъектілері – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) уәкілетті органымен аттестатталған асыл тұқымды мал шаруашылығындағы жеке, заңды тұлғалар және субъектілер.

3. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу алғашқы бөлу кезінде объективті, кейінгі бөлу кезінде - субъективті критерийлер негізінде жүзеге асырылады.

Алғашқы бөлу кезінде бақылау субъектілері 3 түрлі тәуекел дәрежесіне бөлінеді:

- жоғарғы тәуекел дәрежесіне – асыл тұқымды мал зауыттары мен асыл тұқымды шаруашылықтар жатқызылды;

- орташа тәуекел дәрежесіне – асылдандыру орталықтары және дистрибьютерлік орталықтар жатқызылды;

- төменгі тәуекел дәрежесіне – табынды өсіру және асыл тұқымды малдың құндылығын бағалау бойынша қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар жатқызылды.

Бақылау субъектілерін кейінгі бөлу жіберілген бар кемшіліктерді ескере отырып, келесі баллдарды бере отырып жүзеге асырылады асыл тұқымды мал зауыты мен асыл тұқымды шаруашылықтар үшін:

- асыл тұқымды малдардың бірдейлендірілмеуі - 20 балл;
- асыл тұқымды малдың шығу тегінің анықталмағаны - 20 балл;
- асыл тұқымды малды азықтандырудағы олқылықтар - 20 балл;

- асыл тұқымды малды қолдан ұрықтандырудағы олқылықтар – 20 балл;
  - асыл тұқымды мал есебін жүргізудегі ақпараттық технологияның жоқтығы –
- 1 0 б а л л ;
- асыл тұқымды мал есебінің толық еместігі – 10 балл;
  - жас төлдерді өсірудегі технологияның сақталмауы – 10 балл;
  - асыл тұқымды мал зауыттарында бұқалардың төлінің құндылығын бағалаудың жоқтығы – 10 балл;
  - асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында білікті мамандардың жоқтығы –
- 1 0 б а л л ;
- жаңа туған төлді дер кезінде кірістемеу – 10 балл;
  - асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша уақытылы есеп бермеу – 5 балл;
  - технологиялық операциялардың (бақылау үшін сауу, малды өлшеу, сұрыптау, жүнін қырку) уақытылы өткізілмеуі – 5 балл;
- 2) асыл тұқымды орталықтар үшін:
- аталық малдың асыл тұқымдық құндылығын ұрпағының сапасы бойынша бағалаудың жоқтығы – 20 балл;
  - бағаланбаған аталық малдың ұрығын сату – 20 балл;
  - аталық малдың ұрығын алу және сақтау кезінде ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтамағаны – 20 балл;
  - бекітілген тәртіппен тіркелмеген асыл тұқымды малдардан ұрық алу –
- 1 0 б а л л ;
- эмбрион мен ұрықтың бірдейлендірілмеуі – 10 балл;
  - аталық малдарды азықтандыру және күтіп бағу нормаларының сақталуы –
- 1 0 б а л л ;
- эмбрион мен ұрықтың асыл тұқымды екенін растайтын куәліктің жоқтығы –
- 1 0 б а л л ;
- ұрықты ордерсіз тарату – 10 балл;
  - пайдаланылып отырған аталық малдардың бірдейлендірілмеуі – 10 балл;
  - биотехнологиялық жабдықтардың қолданылмауы – 5 балл;
  - аталық малдарды күту және баптау тәртібін сақтамау – 5 балл;
  - нысан бойынша есептілікті уақтылы тапсырмау – 5 балл;
- 3) дистрибьютерлік орталықтар үшін:
- асылдандырушылар деп танылмаған аталық малдың жалған ұрығын сату –
- 2 0 б а л л ;
- аттестаттаудан өтпеген субъектілерден ұрық сатып алу – 20 балл;
  - тиісті бейіндегі білікті мамандардың жоқтығы – 10 балл;
  - асыл тұқымды материалды сақтау ережесінің сақталмауы – 10 балл;
  - ұрық пен эмбрионның асыл тұқымды екенін растайтын куәліктің жоқтығы –
- 1 0 б а л л ;



- ұрықты тарату есебінің жоқтығы – 10 балл;
  - зертханалардағы ұрықтың сапасын үнемі тексеріп отырмау – 10 балл;
    - алдын ала тексеруден өтпеген ұрықты босату – 10 балл;
    - ұрықты босатуға ордер бермеу – 5 балл;
  - асыл тұқымды материалдың зат таңбасының жоқтығы – 5 балл;
  - нысан бойынша есептілікті уақтылы тапсырмау – 5 балл;
- 4) малдың асыл тұқымдық құндылығын анықтау жеке және заңды тұлғалар

ү ш і н :

- қызмет көрсету құқығын растайтын құжаттың жоқтығы – 20 балл;
  - ақпараттық бағдарлама білімінің жоқтығы – 20 балл;
  - тұқымның биологиялық ерекшеліктерін білмеу – 5 балл;
- асыл тұқымды малдың құндылығын анықтауды талдау білімінің жоқтығы –  
5 б а л л ;
- табын бойынша одан әрі селекциялық жұмысты жүргізуге тәжірибелік ұсыныстар беру дағдысының жоқтығы – 5 балл.
  - ұрық пен эмбрионға асыл тұқымды екенін растайтын құжаттың жоқ болуы -  
5 б а л л .

4. Жүргізілген тексерулер нәтижесінде есептелген баллдардың сомасына байланысты бақылау субъектілері төмендегідей болып бөлінеді:

- жоғары тәуекел дәрежесі – 20 және одан да жоғары балл;
- орташа тәуекел дәрежесі – 11 ден 20-ға дейін;
- төменгі тәуекел дәрежесі – 10-нан көп емес.

5. Бір тәуекел дәрежесіндегі субъектілерді тексеруді жоспарлаудың басымдығын айқындау үшін:

- жинақталған баллдардың жоғары сомасы;
- бұрынғы тексеру барысында анықталған кемшіліктерді жою нәтижесі ( н ұ с қ а м а н ы о р ы н д а у ы );

- соңғы тексеру күні негіз болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
 Ауыл шаруашылығы министрінің  
 2010 жылғы 31 наурыздағы № 219  
 және Қазақстан Республикасы  
 Экономикалық даму және  
 сауда министрінің  
 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 25  
 Бірлескен бұйрығына  
 4-қосымша

## **Астық, мақта нарығы және тұқым шаруашылығы саласының тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері**

1. Астық, мақта нарығы және тұқым шаруашылығы саласының тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі - Критерийлер) «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Астық туралы», «Мақта саласын дамыту туралы» және «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының негізінде жасалды.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) астық, мақта нарығы және тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекел – оның салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, ауыл шаруашылығы өсімдігіне, астық, мақта және тұқым сапасына, адамның денсаулығына және тұтынушылар мүддесінің бұзылуына зиян келтірудің ықтималдығы;

2) бақылау субъектілері – астық, мақта және тұқымды өндіруге, сақтауға, тасымалдауға, қайта өңдеуге және сатуға қатысатын жеке және заңды тұлғалар.

2. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу бастапқы бөлу кезінде объективті критерийлер және кейінгі бөлу кезінде субъективті критерийлер негізінде жүзеге асырылады.

Бастапқы бөлу кезінде бақылау субъектілері 3 тәуекел дәрежесіне бөлінеді:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне мемлекеттік астық қорларын сақтауды жүзеге асыратын астық қабылдау кәсіпорындары жатады;

2) орташа тәуекел дәрежесіне: өзге меншік иелерінің (мемлекеттік емес қорлар) астықтарын сақтауды жүзеге асыратын астық қабылдау мекемелері мен қырман шаруашылықтары; мақта өңдеу мекемелері жатады;

3) төмен тәуекел дәрежесіне: астықты экспорттаушылар; тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханалар; астық және мақта сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалар;

тұқым шаруашылығы саласында қызмет атқаратын аттестатталған субъектілер (бірегей тұқым өндірушілер, элиталық тұқым шаруашылықтары, тұқым өсіру шаруашылықтары және тұқым өткізушілер) жатады.

3. Бақылау субъектілерін кейінгі бөлу бар кемшіліктерді ескере отырып, мынандай баллдар беріле отырып жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік қордың астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындарының астық туралы заңнамаларын сақтамауы - 30 балл;

2) өзге меншік иелерінің (мемлекеттік емес қорлар) астықтарын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындары мен қырман шаруашылықтарының астық туралы заңнамаларын сақтамауы - 10 балл;

3) мақта өңдеу ұйымдарының мақта саласын дамыту туралы заңнамаларын

с а қ т а м а у ы – 1 0 б а л л ;

4) экспорттаушылардың астықты экспортқа сату қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтамауы және астық нарығы мониторингі бойынша есептіліктің дәйектілігін сақтамауы – 5 балл;

5) тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханалардың тұқым сапасын ( сорттық және себу) сараптау тәртібін сақтамауы - 10 балл;

6) мақта сапасын сараптау бойынша аккредиттелген зертханалардың мақта сапасына сараптама жүргізу тәртібін сақтамауы – 5 балл;

7) тұқым шаруашылығы саласында қызмет атқаратын аттестатталған субъектілердің тұқым шаруашылығы заңының талаптарын және біліктілік талаптарын сақтамауы – 5 балл;

8) астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалардың астық сапасын сараптау тәртібі талаптарын сақтамауы – 5 балл.

Кейінгі бөлу нәтижесі бойынша, жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша жинақталған баллдың жиынтығына байланысты тексеру субъектілері төмендегіше бөлінеді:

жоғарғы тәуекел дәрежесіне - 46 және одан жоғары;  
орташа тәуекел дәрежесіне - 26 -дан 45 баллға дейін;  
төмен тәуекел дәрежесіне 26 - баллдан төмен.

4. Бір тәуекел деңгейі бар субъектілерді тексеруді жоспарлаудың басымдығы ү ш і н :

- 1) сақталатын астық, мақта көлемі;
- 2) алдыңғы тексерулер кезінде жіберілген бұзушылықтардың елеулігі;
- 3) экспортталатын астықтың көлемі;
- 4) өндірілетін және сатылатын тұқымның көлемі;
- 5) ұзақ тексерілмеген кезең негіз болып табылады.